


Ғылыми зерттеудің жалпы негіздері



Тобы: МІжМБ 13-11
Орындаған: Құдияр Е.
Тексерген: Тоқбергенова Ұ.



ҒЫЛЫМ – бұл қоғамдық сананың формасы. Ғылымның негізгі компоненті – теориялық. Ол белсенді – ізденуші сипатта болады.
ҒЫЛЫМ – бұл объективті шындықты қайта құру мен танып білудің құралдары мен әдістері.

Ғылым оқиғаларды алдын ала болжау арқылы адамдардың мақсатты қызметінің негізін құруға мүмкіндік беретін, әруақытта ақиқаттың объективті мәнді байланыстардың танымдық тәжірибесіне сүйеніп дамып отыратын жүйелік білімнің негізгі формасы.



Ғылымның құрылымы:

- теориялар (фактілер, құбылыстар және үрдістер жөніндегі ғылыми мәліметтерді жүйелеу);
- заңдар (көлемді ғылыми білімді анағұрлым ықшамды формада мазмұндау);
- ғылыми фактілер (ғылыми қорытынды, жалпылау, заңдар үшін негізгі материал).

Ғылымның қызметтері

Жалпы қызметі – адамдардың іс-әрекеті мақсатты және тиімді болуы.

Ол басқа қызметтерді қарастырады:

- танымдық (объективті әлем заңдарын танып білу);
- мәдени-тәрбиелік (ғылым жалпы адами мәдениетті дамыту мен тұлғаны тәрбиелеу факторы ретінде);
- әрекетті тәжірибелік (ғылым адамның қалыптасуы, табиғат пен қоғамның қайта құруларының тікелей күші ретінде).



Ғылымның даму процессінің логикасы:

- ғылыми мәселенің қойылуы (қайшылықтарды анықтау);
 - ғылыми фактілерді өңдеу мен жалпылау;
 - гипотеза құру және ғылыми мәселелерді нақтылау;
- бақылауды, эксперименттерді, нақты зерттеулерді алынатын ғылыми нәтижелерін сәйкес рәсімдеу арқылы ұйымдастыру;
 - алынған мәліметтердің анализі мен синтезі;
- анықталған тәуелділікті, үдерісті, заңдылықты, заңдар мен принциптерді негіздеу;
 - ғылыми нәтижелер жөнінде ақпарат беру;
- алынған ғылыми мәліметтер мен нәтижелерді тәжірибеде тексеру.

Ғылыми методология (грек.тілінен Methodos - зерттеу, танып білу жолы және logos – сөз, ұғым, ілім) – бұл зерттеушінің өзіндік ұстанымын көрсететін анағұрлым жалпы дүниетанымдық жағдайлары мен принциптерінің жиынтығы, сонымен қатар зерттелетін құбылыстар мен объективті шындықтың таным әдістерін ғылыми негіздеу.

Басқаша, методология – ғылым сферасында теориялық және практикалық қызметті құру мен ұйымдастырудың принциптері, әдістері мен ережелер жүйесі.



Ғылыми методология деңгейлері:

- гносеологиялық. Оның мазмұнын материалистік диалектиканың негізгі заңдары, категориялары, принциптері құрайды;
- дүниетанымдық. Оның негізінде ғылыми идеялар жатыр;
- ғылыми-мазмұндық. Оның мәнін педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері құрайды;
- логико-гносеологиялық. Ол өзінің құрамына психология мен педагогиканы ғылым ретіндегі даму мәселелерін қамтиды;
- методикалық. Психологиялық және педагогикалық зерттеулердің ғылыми әдістері жөніндегі ілімді қамтиды.



Теория – объективті шындықтың белгілі бір пән шеңберіндегі жағдайы мен генезисі жөніндегі жинақталған, өзарабайланысты және ғылыми негізделген әруақытта дамып отыратын ілім жүйесі.

Теория қызметтері:

- синтездеуші (білімді жүйелеу);
- методологиялық;
- түсіндіруші;
- прогностикалық;
- ақпараттық;
- практикалық.



Гипотеза – ғылыми зерттеудегі ғылыми көріпкелдік формасы.

Гипотеза – талқылауда болған процесстер мен құбылыстар байланыс қарымқатынастарының характері туралы логикалық дәлелденген болжауы. Бұл жаңа білім алу жолындағы өткізілген зерттеу мен теория арасындағы байланыстыру звеносы.



Зерттеу мақсаты – бұл зерттеудің жобаланған соңғы нәтижелері.

Зерттеу мәселелері – жасалуы зерттеу мақсаттарын жетістіктерге әкелетін зерттеу мәселелерінің жеке аспектітерін зерделеуінің негізгі бағыттары.

Зерттеу әдісі – бұл шындықта болған процесстер мен құбылыстар білімінің тәсілдері. Әдіс мазмұны – бұл зерттеуші әрекеттері мен ережелерінің бірігімі. Және олардың әзірленуі.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!